Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады: 1) «Тапсырыс беруші» – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы; 2) «Мердігер» - (Мердігердің атауын көрсету керек); 3) «Шарт» - Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және Тараптар оған барлық Қосымшалармен және толықтырулармен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелері бар барлық қажетті құжаттамамен қол қойған осы келісімді білдіреді. 4) «Жұмыстар мерзімінің ұзақтығы» - Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындауды аяқтауы тиіс мерзімді білдіреді; 5) «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар; 6) «Кемшіліктер», «ақаулар, Шарттан ауытқу» - Шарт талаптарын бұзумен орындаған Жұмыстардың бөлігі: 7)«Шартты тоқтату» – Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Тәртіпте көзделген негіздер бойынша шарттың бұзылуына және (немесе) Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерінің тоқтатылуы.

1.3. Жұмыстар Тапсырыс берушінің құжаттамасы бойынша орындалады.

1.4. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: 1) Шарт; 2) Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (№1-Қосымша); 3) Техникалық ерекшелік (№ 2-Қосымша); 4) Қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған Шарттағы елішілік құндылықтың болжамды / нақты есебі (№3-Қосымша). 5) Жұмыстар құнының тізімдемесі (№ __-Қосымша); 6) Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесі (№ __-Қосымша); 7) Жұмыстарды қаржыландыру кестесі (№__-Қосымша); 8) Тапсырыс берушінің жеткізетін материалдар (жабдықтар) тізімдемесі (№__-Қосымша) (қажет болса); 9) Контрагент сауалнамасы (Мердігер электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№__-Қосымша). 10) ESG анкета-сауалнамасы (Мердігер электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№7__-Қосымша); 11) «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен нәрселердің тізбесі (№ ___ --Қосымша). Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін 12) Санкциялық шектеулерге сәйкес келу кепілдігі (№__-Қосымша).

1.5. Осы Шарт бойынша жұмыстар Тапсырыс берушінің жеткізілім материалдарынан (жабдықтарынан) басқа, Мердігердің қарауында, оның материалдары мен жабдықтарынан, оның күшімен және құралдарымен орындалады (егер қажет болса).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.3.1. Егер шартпен төлемді жұмыстарды аяқтаған соң төлеу көзделсе 2.3.1 Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты орындалған Жұмыстар үшін төлем жүргізеді. Егер шартпен аванс (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе 2.3.1 Мердігер аванс (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей Тапсырыс беруші аванс (алдын ала төлемді) төлейді. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртіптің 43-бабы 8-тармағымен көзделген жағдайлардан басқа аванс қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну шартында төленеді. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) төленбейді. Егер шартпен Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін банк кепілдігінің әрекет ету мерзімімен 170 мың еселік айлық есептік көрсеткіштен кем сомаға банк кепілдігін беру көзделсе: 2.3.1 Мердігер банк кепілдігі түрінде аванс (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Тапсырыс беруші аванс (алдын ала төлемді) төлейді. Банк кепілдігінің мәтіні Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі тиіс. Банк кепілдігін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Standard&Poor’s және Fitch Ratings сәйкес «B» деңгейінен төмен емес және Moody’s Investors Service сәйкес «B2» төмен емес жеке рейтингіге ие банк шығаруы тиіс, немесе банктің жеке рейтингісі болмаған жағдайда – «BBB» деңгейінен төмен емес бас ұйымда рейтингісі болуы тиіс (болжам тұрақты/оң). Шетелдік банк үшін «BBB» деңгейінен төмен емес рейтингтің болуы қажет (болжам тұрақты/оң). Банк кепілдігінің әрекет ету мерзімі - Мердігер Шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін. Егер шартпен Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін банк кепілдігінің қолданылу мерзімімен 170 мың еселік айлық есептік көрсеткіштен кем сомаға банк кепілдігін беру көзделсе 2.3.1 Мердігер банк кепілдігі түрінде аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Тапсырыс беруші авансты (алдын ала төлемді) төлейді. Банк кепілдігінің мәтіні Тапсырыс берушімен алдын ала келісілуі тиіс. Банк кепілдігін Standard&Poor’s және Fitch Ratings сәйкес «B» деңгейінен төмен емес және Moody’s Investors Service сәйкес «B2» төмен емес жеке рейтингіге ие банк шығаруы тиіс, немесе банктің жеке рейтингісі болмаған жағдайда – «BBB» деңгейінен төмен емес бас ұйымда рейтингісі болуы тиіс (болжам тұрақты/оң). Шетелдік банк үшін «BBB» деңгейінен төмен емес рейтингтің болуы қажет (болжам тұрақты/оң). Банк кепілдігінің әрекет ету мерзімі – Мердігер Шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін + 21 күнтізбелік күн. Егер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Тапсырыс берушіге ұсыну талабы таратылмаса 2.3.1 Тәртіптің 43-бабы 8-тармағында көрсетілген жағдайларда аванс (алдын ала төлем) келесі құжаттарды ұсыну шартында 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі: 2.3.1.1 Төлем шоты;

2.3.2. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы одан әрі есеп айырысу төленген авансты (алдын ала төлемді) ескере отырып, нақты көрсетілген қызметтер үшін жүргізіледі.

2.4. Егер Мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету Шартта көрсетілген мерзімде ұсынбаса, осы Тәртіптің 43-бабы 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді осы Шарттың талаптарымен белгіленген мерзімде авансты төлеусіз жүргізеді.

2.5. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.5.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлеміне елішілік құндылық есебі (орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі –Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Шарт бойынша нақты орындалған Жұмыстар көлеміне елішілік құндылық есебі (әрбір Актімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады). Есепте растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса ұсына отырып, осы Шарттың № 3-Қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. № 260 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен орындалған жұмыстарды сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеуінің бірыңғай әдістемесінің талаптарына сәйкес жүргізілген елішілік құндылық есебі болуы тиіс.

2.5.3. Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактуралар. Бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін _____ (Мердігердің мемлекет атауын көрсету. Мысалы: «Ресей Федерациясы») салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактуралар. Жалпы сомасы 1000 АЕК дейін шарт бойынша ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін Шоттар.

2.5.4. Жұмыстар бойынша Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі, орындалған жұмыстардың құны және шығындар туралы анықтама, Тапсырыс беруші жеткізген материалдар мен жабдықтарды қолдану туралы есеп (егер бұл Тапсырыс беруші жеткізген материалдар мен жабдықтар болса) және бөлшектенген материалдар, жабдықтарды және құрылмаларды қабылдау-тапсыру актісі (егер бөлшектеу жұмыстары болса);

2.5.5. Стандартты жабдық бойынша Жабдықтар құнының тізімдемелері;

2.5.6. Стандартталмаған жабдықтарды дайындау бойынша Стандартталмаған жабдықтарды дайындауға акт, орындалған Жұмыстардың құны және шығындар туралы анықтама.

2.5.7. немесе Шарттың 5-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

2.6. Тапсырыс беруші қағаз нұсқада актісін (актілерді) қабылдағаннан кейін Мердігер орындалған жұмыстардың Актісін Веб-порталда электронды түрде қалыптастырады және қол қояды.

2.7. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Егер нақты орындалған Жұмыстар құны осы Шарттың 2.1.-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасына жетпесе, Мердігер Шарттың қалған сомасын талап етуге құқығы жоқ. Осы Шарт бойынша қалған сома Тапсырыс берушінің қарауында қалады.

2.9. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстар үшін төлеу кезінде орындалған Жұмыстар құны мен шығындар туралы анықтама бойынша

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

төлеуге қойылған Жұмыстар құнынан 5 % мөлшерде резервті уақытша ұстап қалады.

2.10. Шығындар «Өзіндік құн» – бабына жатқызылатын ағымдық және күрделі жөндеу жұмыстары бойынша шарттар Мердігер барлық анықталған кемшіліктерді (ақаулар, Шарттан ауытқу) түзету және жұмыстардағы елішілік құндылық бойынша есептілікті Тапсырыс беруші қабылдау шартында, Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қою күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге резервті қайтарып береді.

2.11. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоймауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.12. Егер шартпен авансты (алдын ала төлемді) төлеу көзделсе: Нақты орындалған Жұмыстар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем есебімен жүргізіледі.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 2 (екі) күнтізбелік ай бұрын. Жұмыстарды орындау мерзімі, талаптары, көлемі және орны осы Шарттың № _____ Қосымшаларына сәйкес анықталады.

3.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші көлемі мен сапасы бойынша Шарттың № Қосымшасына сәйкес Актімен қабылдайды.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.5. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, аварияларл, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.10. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды және Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді _____ түрінде енгізуге; Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер шартпен Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет ету мерзімімен + 21 күнтізбелік мерзімімен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігердің аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тарту жағдайларын және Тәртіптің 43-бабы 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет ету мерзімімен + 21 күнтізбелік мерзімімен [Аванстық қайтаруды қамтамасыз ету түрі] түрінде аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді енгізуге;

4.1.10.1. Банк кепілдігі келесі ақпараттан тұруы қажет: 1) Банк кепілдігінің түрі (аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету кепілдігі); 2) Банктің атауы; 3) Банк кепілдігінің (кепілдеме міндеттемесінің) нөмірі; 4) Банк кепілдігінің күні; 5) Мерігердің атауы; 6) Шарттың нөмірі және күні; 7) Шарттың мәні; 8) Банк кепілдігінің сомасы; 9) Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі.

4.1.11. Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкес, жобалау алдындағыжәне (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамада индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласында уәкілетті мемлекеттік орган құрайтын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды өнім берушілердің (болған жағдайда) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, бұйымдарды және құрылмаларды көрсетуге.

4.1.12. Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықтың есебін электрондық құжат нысанында ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады).

4.1.13. Тапсырыс берушіге әрбір орындалған Жұмыстар актісімен бірге Шарт бойынша нақты орындалған Жұмыстар көлеміне (өспелі қорытындысымен) электронды құжат нысанында елішілік құндылықтың есебін (Веб-порталда ұсынылады) ұсынуға;

4.1.14. Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстардағы Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

4.1.15. Мердігер жұмыстарды орындау күнтізбелік кестесіне (№ __-Қосымша) және «ҮМЗ» АҚ ресми сайтында (www.ulba.kz «Сатып алулар» «Нормативтік құжаттама») жарияланған СТ 28.0021 мазмұндалған «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі» талаптарына сәйкес шартқа қол қойған күннен бастап _____ күнтізбелік күн ішінде осы Шартпен көзделген барлық жұмыстарды орындауды қамтамасыз етуге.

4.1.16. Уақытында, ___ жұмыс күнінен кешіктірмей, жұмыстарды орындау барысында туындауы мүмкін өзгерістер туралы Тапсырыс берушіге ресми хабарлауға және осы өзгерістердің барлық келісулерін жедел жүргізуге.

4.1.17. Білімін, тәжірибесін және қолда бар барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмыстарды ұйымдастыруға және орындауға. Мердігер орындалатын жұмыстардың әдістері, жүйелілігі мен сапасы үшін, сондай-ақ Шарт бойынша орындалатын барлық жұмыстардың үйлесімділігі үшін толық жауапты болады.

4.1.18. Орындалған Жұмыстардың тиісті сапасын Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз ету.

4.1.19. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындауға.

4.1.20. Тапсырыс берушіге Жұмыстардағы елішілік құндылық бойынша есептілікте анық ақпарат беруге. Елішілік құндылық бойынша жалған ақпарат ұсынылған жағдайда, Мердігер Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.21. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Мердігерге белгілі болған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны, сондай-ақ дербес деректерді жария етпеуге.

4.1.22. Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында не шартта көзделген техникалық-экономикалық көрсеткіштерден ауытқуды тудыруы мүмкін техникалық құжаттамадағы өз кінәсі бойынша пайда болған кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жояды.

4.1.23. Күтілген нәтижеге жету мүмкін болмағанда немесе жұмыстарды ары қарай орындау мақсатқа сай болмаған жағдайда Тапсырыс берушіге жедел түрде хабарлауға.

4.1.24. Тапсырыс берушіге осындай шарттың негізінде ұсынылған нәтижелерге үшінші тұлғалардың ерекше құқығының жоқтығы туралы кепілдеме беруге.

4.1.25. Өз қызметкерлерін СТ 28.0021 мазмұндалған «ҮМЗ» АҚ нысандарына мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің кіруі және болуы кезінде өткізу және нысанішілік тәртіп талаптарымен» таныстыру және олардың сақталуы үшін толық жауапты болуға.

4.1.26. Тапсырыс берушінің аумағына келу кезінде қызметкерлерді Мердігердің ұйымына қатысы бар екендігін көрсететін логотип белгіленген арнайы киіммен қамтамасыз етуге.

4.1.27. Егер шартты орындау үшін Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағына кіру қажет болса (тармақтардың нөмірлері ауысуы мүмкін): Тапсырыс берушінің аумағында бола отырып, СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ объектілерінде Мердігер жұмыскерлерін өткізу және болу кезінде өткізу объектішілік режимінің талабының» А- қосымшасының талаптарын орындауға міндетті.

4.1.28. Тапсырыс беруші берген техникалық шарттарға сәйкес су мен электр энергиясын қосуға және қосылу нүктелерінен бөлуге жауапты болуға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.29. Тапсырыс берушіге немесе оның уәкілетті тұлғасына, сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеушілерге Учаскеге кіруге немесе Шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа жерге кіруге рұқсат беруге.

4.1.30. Орындалған жұмыстар және жұмыстармен байланысты барлық материалдар, құрал-жабдықтар, ресурстар және басқа да позицияларды жауын-шашын, аяз, өрт, ұрлық және басқа себептермен байланысты зиянның барлық түрлерінен, бүлінуден, жойылудан қорғауды қамтамасыз ету. Мердігер өз жұмыстарын жүргізген кезде Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті, жолдар, ғимараттар, материалдар қоймалары мен жылжымалы және жылжымайтын мүліктің басқа түрлерін қоса есептегенде (алайда бұлармен шектелмей), бүлінудің (қираудың) қандай да бір түрлерінен немесе басқа себептерден қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Жоғарыда мазмұндалғандармен байланысты Мердігерге келтірілген барлық шығындар Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелуге жатпайды. Тапсырыс беруші жоғарыда аталған себептер бойынша қандай да бір шығын немесе Мердігердің жұмыстарының қандай да бір бүлінуі үшін, олар толық аяқталғанға және нысанды пайдалануға қабылдап алғанға дейін жауапты болмайды. Жоғарыда мазмұндалғандардың нәтижесіндегі қандай да бір зиянды, қандай да бір бүлінулер мен өзге де ақауларды (ақаулар, Шарттан ауытқу) барлық түзетуді Мердігер қосымша өтеусіз іске асырады.

4.1.31. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасында қолданыстағы еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидаларды сақтауға және СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі», ИП 14.0025 «ҚОМЖ мен ДСжЕҚҚМЖ талаптарын «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың назарына жеткізу тәртібі» мазмұндалған, «ҮМЗ» АҚ-да қолданыстағы ҚОМЖ мен ДСжЕҚҚМЖ талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын орындауға. «ҮМЗ» АҚ энергетикалық ресурстарын ұтымды пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы талаптарын сақтауға.

4.1.32. Учаске аумағында белгіленген, «ҮМЗ» АҚ-да қолданыстағы еңбек тәртіптемесі ережелері мен еңбек тәртібін және СТ 28.0021 «ҮМЗ» АҚ мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыру тәртібі» «А» Қосымшасында мазмұндалған «ҮМЗ» АҚ нысандарына мердігер ұйымдардың қызметкерлерінің кіруі және болуы кезінде өткізу және нысанішілік режим талаптарын орындауға.

4.1.33. Мердігер Тапсырыс берушіге материалдарды (жабдықтарды) жеткізуге қажет болуы мүмкін мерзімдер туралы Тапсырыс берушіге алдын ала хабарлауы тиіс (№ __ Қосымша) және қорларды (қайта өңдеуге берілген материалдар) шетке беруге арналған жүккұжат бойынша материалдарды, жабдықтарды – монтаждауға қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдайды.

4.1.34. Тапсырыс берушінің материалын (жабдықтарды) өз есебінен Тапсырыс берушінің қоймасынан жұмыстарды орындау орнына дейін жеткізеді (қажет болса).

4.1.35. Тапсырыс берушінің жеткізген жабдықты монтаждауға қабылдау-тапсыру актісі және/немесе материалдарды - қорларды (қайта өңдеуге берілген материалдар) шетке беруге арналған жүккұжат бойынша алған соң олардың сақталуына толық жауапты болу. Мердігер жұмыстарды орындағаннан кейін қалған материалдар және/немесе жабдықтардың кез келген артық мөлшері Тапсырыс берушіге қайтарылады.

4.1.36. Жұмыстарды орындау барысында туындауы мүмкін өзгерістер туралы Тапсырыс берушіге ресми хабарлауға және осы өзгерістердің барлық келісулерін жедел жүргізуге.

4.1.37. Ақаулар (кемшіліктер, Шарттан ауытқу) туралы хабарлама алған жағдайда, Тапсырыс беруші кемшіліктерді жою туралы хабарламада көрсеткен уақыт кезеңі ішінде ақауларды (кемшіліктер, Шарттан ауытқу) жоюға.

4.1.38. Тапсырыс берушіге бөлшектенген материалдарды, жабдықтарды және құрылмаларды оларды ары қарай пайдалану туралы мүмкіндігін анықтау мақсатымен ұсынуға.

4.1.39. Жұмыстарды тапсыру кезінде Тапсырыс берушіге ұсынуға: - жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын материал мен жабдықтарға сертификаттар, паспорттар және жабдықтарға пайдалану бойынша нұсқаулық, жасырын жұмыстар актісі, жұмыстарды жүргізу журналдары, дәнекерлеу жұмыстарының журналдары, орындаушы сызбалар мен схемалар (әр шартта нақтылау).

4.1.40. Берілген рұқсаттамаларды жұмыстарды орындауды аяқтаған соң 5 (бес) күн ішінде Тапсырыс берушіге қайтарып беруге, рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттамаларды қайтару туралы анықтаманы қоса ұсынуға.

4.1.41. Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент анкетасын (осы Шарттың №__ Қосымшасы) осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде, және шарт 12 айдан артық уақытқа жасалса, жыл сайын ұсынуға.

4.1.42. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шарттың № __ Қосымшасы) ұсынуға.

4.1.43. Веб-портал арқылы орындалған Жұмыстар актісін ұсынуға.

4.1.44. Тапсырыс берушіден сұрату алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңының 79-бабына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс жасауға тартылатын техникалық жетекшілерге, мамандарға және жұмыскерлерге дайындығы туралы растаушы құжаттарды тапсыру.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Жұмыстарды орындау алдында Тапсырыс берушіге (Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдеріне) Мердігердің жұмыскерлеріне өнеркәсіптік-қауіпті өндірістік нысандарда жұмыс істеу құқығына куәлік ұсынуға.

4.1.45. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы тексеріп салыстыру актісіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей қол қоюға.

4.1.46. Жұмыстарды орындауға қажетті отандық материалдарды (тауарды және жабдықтарды) егер осы материалдар (тауарлар және жабдықтар) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін болса, сатып алуға.

4.1.47. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.48. Мердігер (немесе) бірлесіп орындаушы қызметкерлердің жалпы саны 50 (елу) адамнан асатын болса, өз қарамағында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өз қызметі болуы тиіс (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді. Ұйым қызметкерлерінің саны 50 адамға дейін болса, өз қарамағында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымы болуы тиіс немесе қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер басқа маманға жүктелуі тиіс (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.49. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.50. Өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасында қолданылатын санитарлық нормаларға сәйкес келетін арнайы киіммен, аяқ киіммен және Жұмыстарды қауіпсіз орындауға қажетті басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.51. Тапсырыс берушінің аумағына келу кезінде жұмыскерлерді Мердігердің ұйымына қатысы бар екендігін көрсететін логотип белгіленген арнайы киіммен қамтамасыз етуге.

4.1.52. Өткізу және объектішілік режимдердің бұзылуына жол бермеуге. Мұндай бұзушылықтарға келесілер жатады, соның ішінде: 1) Мердігердің және/немесе Мердігер жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық мас күйде өтуге әрекет етуі; 2) Мердігердің және/немесе Мердігер жұмыскерінің «ҮМЗ» АҚ аумағынан рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді, әкетуге арналған құжаттарда толықтырулар немесе түзетулер бар) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды әкету (шығару) және/немесе әкету (шығару) әрекеттері; 3) Мердігердің және/немесе Мердігер жұмыскерінің рұқсат құжаттарынсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған заттардың тізбесінде» көрсетілген тыйым салынған заттарды әкелу және/немесе кіргізу әрекеттері және/немесе әкелу және/немесе кіргізу (№ ___-Қосымша); 4) рұқсаттаманы басқа тұлғаға беру, өтуге әрекет жасау және/немесе «ҮМЗ» АҚ аумағына жалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша өту.

4.1.53. Рұқсаттаманың әрекет ету мерзімі өткен соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтару және Шарттың куратoрына - _____(Т.А.Ә.) Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттаманы тапсыруы туралы анықтаманы ұсынуға.

4.1.54. Тапсырыс берушіге жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өтеуге. Шарттың 4.1.54-тармақшасында белгіленген мерзімде Мердігер рұқсаттаманы қайтаруды растаушы анықтама бермеген жағдайда рұқсаттама жоғалды деп саналады.

4.1.55. Егер Мердігер Тапсырыс берушіден «Қызмет бабында пайдалану үшін» белгісі бар құжаттаманы алса Тапсырыс берушіден жұмыстарды орындау үшін алған «қызмет бабында пайдалану үшін» белгісі бар құжаттаманы жұмыстарды орындауды аяқтаған соң қайтаруға.

4.1.56. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу шеңберінде жер қойнауын пайдаланушы сатып алуларды жүзеге асыру жағдайында: Бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды орындауда қолданылатын материалдар мен жабдықтарды осы тауарларды отандық өндірушілерден сатып алуға. Егер қажетті материалдар мен жабдықтар отандық тауар өндірушілерде болмаса, Мердігер тауарларды жалпы негіздерде сатып алады.

4.1.57. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz. веб-сайтында орналасқан «ҮМЗ» АҚ өнім берушілерінің Әдеп кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыруға. «ҮМЗ» АҚ өнім берушінің Әдеп кодексі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.58. Мердігер, оның ішінде жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар қосалқы орындаушылар Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексіне сәйкес міндеттемелерді қабылдайды.

4.1.59. Ірі мәмілелерге және (немесе) бір мезгілде келесі талаптарға сәйкес келетін мәмілеге қатысты шарттар үшін: «ҮМЗ» АҚ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жасалуына мүдделі мәміле болып табылады және «ҮМЗ» АҚ уәкілетті органы осындай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнге қарасты «ҮМЗ» АҚ актив құнынан он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен не иеліктен шығарумен байланысты мәміле: Сатып алу туралы Шартқа қол қойған күннен бастап бір жұмыс күннен кешіктірмей (Шарттың толық атауын, мәнін, оған қол қойған күнді көрсету) бұл туралы Тапсырыс берушіге Шарттың 9-бөліміне сәйкес хабарлауға.

4.1.60. Тендер тәсілімен жасалған сатып алулар үшін Жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында берілген білікті мамандармен көрсетуге.

4.1.61. Сатып алу туралы шартты орындау үшін тартылатын, Мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының өзгеруі салдарынан, жұмыстарды орындауды сатып алу туралы шарт сомасын ұлғайту бөлігінде жасалған Шартқа өзгерістер енгізу кезінде әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдау шеңберінде: Шартты орындау үшін тартылған, Мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын көтеру.

4.1.62. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Мердігермен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Мердігердің және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзуға.

4.1.63. Шарт шеңберінде ҚР аумағына тауарларды әкелу көзделген бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін Тапсырыс берушіге әкелінетін тауарға (тауарларға) келесі құжаттар немесе олардың көшірмелерін ұсыну қажет: - Мердігер елінің салық заңнамасының талаптарын ескере отырып ресімделген шот-фактура _____ (елді көрсету). - Тауар-көлік жүкқұжаты (CMR). - Тауар жүкқұжаты/ Теміржол жүкқұжаты.

4.1.64. Тауарды автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде Тапсырыс берушіге Тауармен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелері беретін мемлекеттік бақылаудан өткені туралы талон беруге.

4.1.65. Келесі тізім бойынша жасалатын шарттар үшін: - Жұмыстар аясында тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесі (олар бойынша сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы жоқ); - Жұмыстарды орындау кезінде тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу жұмыстар тізбесі бойынша жүзеге асырылатын (олар бойынша сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы жоқ) Сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Тиісті тізбеге енгізілген жұмыстарды орындауға қажетті тауарларды сатып алуға. Мердігер жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алу туралы Шарттың талаптарында келісілген тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері өнім берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар (лар) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) қабылдау-табыстау актісінің (актілерінің) көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады.

4.1.66. Тараптар орындалған жұмыстарды қабылдау-табыстауды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойған күнге дейін Мердігердің сатып алынатын тауарларды тауар өндіруші(лер)ден/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан (ұйымдардан) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-табыстау актілерін ұсынуы Мердігердің 4.1.66-тармақта көзделген міндеттемелерді орындауын растау болып табылады.

4.1.67. Өз жұмыскерлеріне қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтау жөнінде нұсқамалар жүргізуге.

4.1.68. "ҮМЗ" АҚ-на факторинг шартын жасасу туралы уақтылы хабарлау, Бұл ретте пайдасына басқаға беру болжанатын заңды тұлға туралы барлық ақпаратты беру

4.1.69. "ҮМЗ" АҚ-мен цессия шартын жасасуды жазбаша келісу, бұл ретте пайдасына басқаға беру болжанатын заңды тұлға туралы барлық ақпаратты беру

4.1.70. Орындаушы еңбек заңнамасын сақтауға және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің еңбек заңнамасының сақталуын және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді Растауды Тапсырыс берушіге жіберуге міндеттенеді.

4.2. Мердігердің:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Шарттық міндеттемелерді орындау тәсілдерін өз бетімен анықтауға.

4.2.8. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.9. Тапсырыс берушіден аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.10. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген аванстың (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуге;

4.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.7. Мердігерге осы Шарт жасалған күннен бастап ____ күнтізбелік күн ішінде осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға.

4.3.8. Егер осы талап Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болса, Мердігердің жұмыскерлерін Тапсырыс берушінің аумағына кіргізуді қамтамасыз етуге.

4.3.9. Мердігердің сұрауы бойынша берілетін ТУ сәйкес жұмыстарды жүргізуге қажетті электр энергиясын, техникалық су құбырын және басқа да энергиямен жабдықтау көздерін қосу нүктелерін Мердігерге көрсетуге.

4.3.10. Мердігерге бөлшектелген материалдарды, жабдықтарды, конструкцияларды және т.б. жинауға арналған орынды көрсетуге.

4.3.11. Мердігердің қызметіне араласпай, кез келген уақытта орындалған жұмыстардың барысы мен сапасына, оларды орындау мерзімдерінің сақталуына, Мердігер пайдаланатын материалдардың сапасына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға.

4.3.12. Кемшіліктерді (ақауларды, шарттан ауытқуларды) түзету мерзімін көрсете отырып, кез келген анықталған кемшіліктер (ақаулар, шарттан ауытқулар) туралы Мердігерге жазбаша хабарлауға.

4.3.13. Мердігермен бірге бөлшектелген материалдарды, жабдықтар мен конструкцияларды әрі қарай пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін қабылдау-тапсыру актісін жасасуға.

4.3.14. Тараптардың өзара талаптарының жоқтығы туралы Мердігермен салыстыру актісіне қол қою арқылы Шартты жабуды жүзеге асыруға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.4. Мердігерден тиісті сападағы жұмыстарды мерзімінде орындауды талап етуге.

4.4.5. Мердігерден Шарт талаптарын орындамау/тиісті түрде орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған тұрақсыздық айыбының сомасын өтеу бойынша төлемді талап етуге.

4.4.6. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.7. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.8. Орындалған жұмыстар сапасына және/немесе толық орындалуына қатысты Мердігерге негізді келіспеушіліктер ұсынуға.

4.4.9. Жұмыстарды орындау барысы және сапасына бақылау жасауға.

4.4.10. Кәсіпорын басшысының өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы білімін тексеру туралы растайтын құжаттарды және инженерлік-техникалық қызметкерлер мен персоналдың біліктілік аттестаттарының болуын талап етуге.

4.4.11. Мердігермен келісім бойынша Құжаттамаға Шарт бойынша жұмыстар құнының өсуіне алып келмейтін өзгерістер енгізуге.

4.4.12. Егер Мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер Шартқа сәйкес жұмысты аяғына дейін орындауға қабілетсіз болса, тоқтату себептері жойылғанға дейін Мердігерге жұмыстарды толығымен немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы жазбаша нұсқама беруге.

4.4.13. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе және Тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін жеті күн ішінде жазбаша немесе іс-әрекеттерімен жауап бермесе, өз талабын қайталауға құқылы. Егер Мердігер келесі 7 (жеті) күндік мерзім ішінде көрсетілген кемшіліктерді (ақауларды, шарттан ауытқуларды) түзете алмаса, Тапсырыс беруші ықпал етудің басқа әдістерін қолдануға өз құқығынан бас тартпай, бұл жұмысты өз күшімен орындай алады. Кемшіліктерді (ақауларды, шарттан ауытқуларды) жою бойынша жұмыстардың құны Тараптар қол қойған акті негізінде айқындалады. Егер Мердігерге төленуге тиісті сомалар көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

4.4.14. Жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізуге. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыстың немесе конструкцияның кемшіліктері (ақаулары, шарттан ауытқуы) болса, Мердігер жұмыстардың кемшіліктерін (ақаулары, шарттан ауытқуы) түзетеді және (немесе) конструкцияны ауыстырады.

4.4.15. Орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда, оларды қабылдаудан бас тартуға.

4.4.16. Материалдар мен жабдықтардың құнын растау үшін материалдар мен жабдықтардың құны бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда шот-фактураның көшірмесі мен түпнұсқасын талап етуге.

4.4.17. «ҮМЗ» АҚ аумағынан «ҮМЗ» АҚ қолданыстағы еңбек тәртібі мен еңбек тәртіптемесі қағидаларын және «ҮМЗ» АҚ-ның мердігерлік ұйымдармен өзара қарым-қатынастарын жүзеге асыру тәртібі СТ 28.0021 «А» Қосымшасында баяндалған өткізу және объектішілік режимнің талаптарын бұзатын Мердігердің жұмыскерлерін шығаруды талап етуге және олар Тапсырыс берушінің мүлкіне немесе қызметкерлеріне залал келтірген жағдайда, оларға келтірілген залалды өтеу туралы акт жасауға;

4.4.18. Егер шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделмесе Мердігердің жұмыстарды орындау мерзімдерін, орындалатын жұмыстардың сапасын бұзғаны үшін, Мердігер жұмыскерлерінің өткізу және объектішілік режимдерді бұзғаны үшін Шарт бойынша төлем сомасынан тұрақсыздық айыбын Шартта белгіленген тәртіппен біржақты тәртіппен ұстап қалуға. Егер шартта Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Мердігердің жұмыстарды орындау мерзімдерін, орындалатын жұмыстардың сапасын бұзғаны үшін, Мердігер жұмыскерлерінің рұқсаттама және объектішілік режимдерді бұзғаны үшін Шарт бойынша төлем сомасынан немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан тұрақсыздық айыбын Шартта белгіленген тәртіппен біржақты тәртіппен ұстап қалуға.

4.4.19. Банк кепілдігін ұсыну жағдайларынан басқа, Шартпен авансты (алдын ал төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Мердігер шарттық міндеттемелерді орындауды бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген сатып алу туралы авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің сомасынан Мердігерге шарттық міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген тұрақсыздық айыбын, және осымен байланысты туындаған шығындарды ұстап қалуға құқылы. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қалған сомасы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап, сонымен қатар Шарт

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарын бұзушылықтарды жойғаны үшін және жоюға мүмкін бұзушылықтарды жойғаны үшін (осындай бұзушылықтар болған жағдайда), оны Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесіне енгізбей, 10 (он) жұмыс күн ішінде қайтарылады.

4.4.20. Осы Шартты орындауға байланысты банктік есеп айырысулар бойынша ақпаратты «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы қор талап ететін кез келген кезеңділікпен «ҮМЗ» АҚ-ның банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді көшірмелер/үзінді көшірмелер нысанында беруге.

4.4.21. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.4.22. Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта және/немесе Тәртіпте көзделген жағдайларда біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға немесе біржақты тәртіппен Шартты бұзуға.

4.4.23. Мердігерден жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап етуге.

4.4.24. Келесі жағдайларда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға (Шартты орындаудан бас тартуға): - Мердігердің Тапсырыс берушіге осы Шарттың № ___ Қосымшасына сәйкес нысан бойынша осы Шарттың талаптарына сәйкес толтырылған Контрагент сауалнамасын ұсынбауы; - Мердігерді комплаенс-тексерудің теріс нәтижелерін анықтауы. - Мердігердің «ҮМЗ» АҚ Өнім берушісінің Әдеп кодексін бұзу фактісін (лерін) анықтауы.

4.4.25. Егер шартта шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Егер тендер жеңімпазы Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Сатып алу туралы шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларын қоспағанда, Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалуға.

4.4.26. Мердігердің басқарушы қызметкерлері (ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша орындайтын адам) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда шартты бұзады.

4.4.27. Тапсырыс беруші Өнім берушіден еңбек заңнамасының сақталуын Растауды және көрсетілген бағыттар бойынша қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.

4.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімінің талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың бірде-бірінің осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

4.7. Мүдделілігі бар мәмілелер үшін (Қазақстан Республикасы заңында және Тараптардың Жарғысында көзделген жағдайларда) Тараптың уәкілетті органы қабылдаған шешімдер туралы Шарттың бір Тарабы екінші Тарапқа тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлауы тиіс.

4.8. Энергияны елеулі тұтынуға әсер ететін ТЖҚ сатып алуға шарттар жасасу кезінде: Мердігер өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің http://www.ulba.kz. веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Мердігер «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындалған Жұмыстарды Тапсырыс беруші Мердігер жұмыстардың аяқталуы туралы хабарлаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде _____ (қажетті құжаттардың атауын көрсету) және Актіні ресімдей отырып қабылдайды.

5.2. Тапсырыс беруші алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Актіге қол қоюы немесе Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жолдауы тиіс. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті түзетулер тізбесі мен оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, екіжақты акт жасайды.

5.3. немесе Жалпы сомасы 1000 АЕК жоғары шарт бойынша ҚҚС төлеушілері, ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін 5.1. Жұмыстарды орындауды аяқтаған соң Мердігер Тапсырыс берушінің мекенжайына Актісінің екі данасын және салық заңнамасының талаптарына сәйкес Мердігер жазған шот-фактураны жолдайды. Бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін 5.1 Жұмыстарды орындауды аяқтаған соң Мердігер Тапсырыс берушінің мекенжайына Актісінің екі данасын және _____(Мемлекеттің атауын көрсету. Мысалы: «Ресей Федерациясы») салық заңнамасының талаптарына сәйкес Мердігер жазған шот-фактураны жолдайды. Жалпы сомасы 1000 АЕК дейін шарт бойынша ҚҚС төлеушілері болып табылмайтындар үшін 5.1. Жұмыстарды орындауды аяқтаған соң Мердігер Тапсырыс берушінің мекенжайына Актісінің екі данасын және шот жолдайды.

5.4. немесе 5.2. Тапсырыс беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде Актіге қол қоюы немесе орындалған Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жолдауы тиіс. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тартқан жағдайда, Тараптар қажетті түзетулер тізбесі мен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

оларды жою мерзімдерін көрсете отырып, екіжақты акт жасайды.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер өзі ұсынған _____ (құжаттаманың атауын көрсету) кемшіліктер мен сәйкессіздіктер үшін жауап береді.

6.2. Мердігер Жұмыстардың сапасын, _____ (құжаттаманың атауын көрсету) берілген ақпараттың нақтылығын, ҚНжЕ, ТШ және Қазақстан Республикасында қолданыстағы басқа нормалар мен стандарттарға сәйкес келетіндігіне кепілдеме береді.

6.3. Кепілдеме мерзімі ішінде кемшіліктер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге кемшіліктерді жою мерзімін көрсетумен кемшіліктерді жою туралы хабарлама жолдайды. Мердігер хабарлама алғаннан кейін өз есебінен кепілдеме мерзімі ішінде анықталған кемшіліктерді жояды.

6.4. Мердігер орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап один год да белгіленген кепілдік мерзімдерін қамтамасыз етеді.

6.5. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін: осы Шарттың № __-Қосымшасына сәйкес санкциялық шектеулерге сәйкес келу кепілдігі. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін: Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, экстерриториялық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді. Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеде белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;

7.2.3. Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделмесе Мердігер Шартта келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған/ орындалмаған Жұмыстар құнының ___% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуге міндетті; Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда); Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделмесе Мердігер Шартта келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған/ орындалмаған Жұмыстар құнының ___% мөлшерінде, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуге міндетті. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда).

7.2.4. орындауды мерзімінен кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін үшін уақытында орындалмаған жұмыстар құнының ___% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді; Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда). Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделмесе 7.2.4 Мердігер Шарттың 6-бөлімінің талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындауды мерзімінен кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін үшін уақытында орындалмаған жұмыстар құнының ___% мөлшерінде, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді; Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда).

7.2.5. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша уақытында жойылмаған ескертулер құнының ___% мөлшерінде, бірақ уақытында орындалмаған Жұмыстардың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуге міндетті; Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда); Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделмесе Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша уақытында жойылмаған ескертулер құнының ___% мөлшерінде, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуге міндетті; Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда).

7.2.6. Мердігер Шартты орындау барысында және салдарынан туындайтын шығындар немесе Тапсырыс берушінің мүлкіне, Мердігердің жеке меншігі және жұмыскерлерінің денсаулығына залал келтірумен байланысты барлық тәуекел үшін, сондай-ақ Мердігердің жұмыскерлерінің қаза болғаны үшін толық жауапты болады.

7.2.7. Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды орындау кезінде ИП 14.0025 «ҮМЗ» АҚ аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың назарына ҚОМЖ және ДСжЕҚҚМЖ талаптарын, сондай-ақ «ҮМЗ» АҚ денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, қоршаған орта менеджменті жүйесінің талаптарын жеткізу тәртібін» сақтауға жауапты;

7.2.8. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісінше орындамаған (Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Жұмыстарды орындау, Мердігердің кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Мердігер есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде Жұмыстар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Мердігер бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Мердігерге Мердігердің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды Жұмыстар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісінше орындамаған (Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Жұмыстарды орындау, Мердігердің кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Мердігер есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде Жұмыстар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Мердігер бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Мердігерге Мердігердің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды Жұмыстар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

7.2.9. ҚҚС төлеушісі болып табылатын мердігерлер үшін (еншілес ұйымдардан басқа) Мердігер Тапсырыс берушінің атына осы Шарт бойынша туындайтын сатулар бойынша айналымдарды ҚҚС бойынша салық есептілігінде уақтылы көрсетіп отыруға міндеттенеді және шот-фактуралардың салық заңнамасының талаптарына сәйкес дұрыс және анық толтырылуы үшін жауапты болады. Мердігер салықтық міндеттемелер бойынша талап қою мерзімі ішінде қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының анықтығын растау мәселелері бойынша салықтық тексерулерді өткізу барысында Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растауға міндеттенеді. Жоғарыда аталған міндеттемелерді қадағаламаған жағдайда, Мердігер салық заңнамасының талаптарына сәйкес қайтарудан шығарылған ҚҚС сомаларын өтеп беруге міндеттенеді.

7.2.10. Шарт жасалғанға дейін контрагенттің Анкета ұсынбаған контрагенттер және ұзақ мерзімді шарттар үшін. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы ұсынылмаған немесе уақытында ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден осы Шарттың жалпы сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.11. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамада индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің және оларды өнім берушілердің (болған жағдайда) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдары, жабдықтар, бұйымдар мен құрылмалар негізсіз көрсетілмеген жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының___% кем емес мөлшерде айыппұл түрінде жауапкершілікке ие, осы айыппұлды Мердігер төлейді немесе Тапсырыс беруші тараптар Актіге қол қойғанға дейін ұстайды.

7.2.12. Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделмесе Мердігер Шарттың елеулі жағдайын бұзған жағдайда (Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартса), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Мердігер Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделсе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Мердігер Шарттың елеулі жағдайын бұзған жағдайда (Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартса), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.13. Жұмыстардағы елішілік құндылық жөнінде жалған ақпарат берген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының ___% мөлшерінде айыппұл төлейді. Айыппұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) -а) нұсқа 1% (Шарт 5 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (Шарт 5 000 000 теңгеден 30 000 000 теңгеге дейін сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - в) нұсқа 0,3% (Шарт 30 000 000 теңгеден жоғары сомаға жасалған жағдайда).

7.2.14. Өткізу және объектішілік режимдерді бұзған әрбір жағдай үшін Мердігер Тапсырыс берушіге айыппұл төлейді: Айыппұл мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқасы: әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 10% - 5 000 000 теңге сомасына шарттар жасасу кезінде; - Б нұсқасы): әрбір тіркелген бұзушылық жағдайы үшін – 5 000 000 теңгеден астам сомаға шарттар жасасу кезінде 100 АЕК.

7.2.15. Ірі мәмілелерге және (немесе) бір мезгілде келесі талаптарға сәйкес келетін мәмілеге қатысты шарттар үшін: «ҮМЗ» АҚ жасалуына мүдделі мәміле болып табылады және «ҮМЗ» АҚ уәкілетті органы осындай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнге қарасты «ҮМЗ» АҚ актив құнынан он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәміле. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 262-бабына сәйкес Тапсырыс берушіні әкімшілік жауапқа тартуға әкеп соққан Шарттың 4.1.60-тармақшасын бұзған жағдайда Мердігер осы бұзушылықпен байланысты Тапсырыс беруші тартқан шығындарды өтеуге міндеттенеді.

7.2.16. Шарт шеңберінде ҚР аумағына тауарларды әкелу көзделген бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 283-1-бабына сәйкес Тапсырыс берушіні әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеп соққан Шарттың 4.1.64-тармақшасы бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің осы бұзушылыққа байланысты залалдарын өтеуге міндеттенеді.

7.2.17. Келесі тізім бойынша жасалатын шарттар үшін: - Жұмыстар аясында тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесі (олар бойынша сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы жоқ); - Жұмыстарды орындау кезінде тауар өндірушілерден тауарларды сатып алу жұмыстар тізбесі бойынша жүзеге асырылатын (олар бойынша сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы жоқ) Мердігер Шарттың 4.1.66-тармақшасын орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау - табыстауды растаушы тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.18. "ҮМЗ" АҚ өнім беруші/мердігер/Орындаушы факторинг шартын жасасқаны туралы уақтылы хабарламаған жағдайда өнім беруші / мердігер / Орындаушы " ҮМЗ " АҚ-ға Шарттың/келісімшарттың/келісімнің жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

7.3. Мердігер осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісуге жауапты.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделмесе Орындалған Жұмыстарға төлемді негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының ___% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуі тиіс. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) - а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); - б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) - в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда). Егер шартта құны жеке айқындалмаған, кезеңдерге бөлінген жұмыстарды орындау кестесі көзделсе Орындалған Жұмыстарға төлемді негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының ___% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлеуі тиіс. Өсімақы мөлшерін шарттың жалпы сомасына байланысты қолдану (қажетті нұсқаны таңдау) а) нұсқа 1% (шарт 5 000 000 теңгеге дейінгі сомаға жасалған жағдайда, қоса алғанда); б) нұсқа 0,5% (шарт 5 000 000 теңгеден бастап 30 000 000 теңгеге дейін жасалған жағдайда, қоса алғанда) в) нұсқа 0,3% (шарт 30 000 000 теңгеден артық сомаға жасаған жағдайда).

7.4.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.4.4. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тапсырыс беруші Мердігерге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Тапсырыс беруші Шарттың 8.5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тапсырыс беруші Мердігерге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4.5. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімақы төлейді.

7.4.6. Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалатын шарттар үшін Тапсырыс беруші Тәртіптің 65-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Тапсырыс беруші Шарттың 8.5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуы), Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттың жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4.7. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.4.8. Егер шартпен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделмесе Мердігер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұл) сомаларын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуға Мердігер келісті. Егер шартпен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну көзделсе Мердігер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұл) сомаларын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан немесе Шартты орындауды қамтамасыз ету сомаларынан ұстап қалуға Мердігер келісті. Егер шартпен аванс (алдын ала төлем) төлеу көзделсе:

7.4.9. Егер шартпен аванс (алдын ала төлем) төлеу көзделсе: Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған жағдайда Жұмыстар Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем сомасынан аз сомаға нақты орындалған кезде, Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.4.10. Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытында ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші: - Тендерге қатысуға өтінімде енгізілген қамтамасыз етуді ұстап қалады; - «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі Қордың операторына белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді; - Біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартады.

7.5. 8 Шарттың 7.2-тармағы (Мердігердің жауапкершілігі) және 7.4-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершілікті қоспағанда, Шарт бойынша міндеттемелерді бұзудың әрбір жағдайы үшін кінәлі тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.6. Шарттың 7.5-тармағы бойынша кінәлі тараптың атына жіберілетін шоттың тиісті актілері айыппұлды төлеуге негіз болып табылады. Кінәлі тараптың келісілген сомаларды төлеуі төлем шоттарын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тараптың есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізіледі.

7.7. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

7.8. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Тапсырыс беруші осы Шартты Шарттың 8.5-тармағына сәйкес мерзімінен бұрын бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіден Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шарттың 7-Бөлімінде көзделген тұрақсыздық төлемін (тұрақсыздық төлемдерін) (айыппұлдарды, өсімақыларды) өтеуге міндетті.

7.11. Бейрезиденттермен жасалатын шарттар үшін Қазақстан Республикасының 25.12.2017 ж. № 120-VI Салық кодексіне (ҚР СК 644-645-баптары) сәйкес Мердігердің тұрақсыздық төлемі (айыппұлдар, өсімпұлдар) және тұрақсыздық айыбының басқа түрлері түріндегі табысына 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен табыс салығы салынады (ҚР СК 646-бабы). Шарттың осы тармағында Шарт бойынша қабылданған талаптарды бұзған Тапсырыс берушіден алынатын Шартта көзделген, құжатталған белгіленген тұрақсыздық төлемдері (айыппұлдар, өсімпұлдар) санкциялар деп түсініледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

8.3. Жасалған шартты өзгертуге осы жұмыстарды сатып алу үшін жылдық сатып алу жоспарында қарастырылған сомалар шегінде жол беріледі.

8.4. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде ресімделген және Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана күшіне ие болады.

8.5. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

8.5.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.5.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

8.5.3. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.5.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.5.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

8.5.4. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.5.5. Тәртіпте айқындалған өзге жағдайларда;

8.6. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.7. Шартты бұзу немесе шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзудың немесе Шартты орындаудан бас тартудың (шарттан бас тартудың) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте шартты бұзу немесе шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы хабарлама Мердігерге шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы алдағы күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 күн бұрын жіберілуі тиіс. Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Мердігердің электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ерте келетініне байланысты алынды деп есептеледі. Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген негіздер бойынша шартты бұзу (бас тарту) үшін Мердігердің қосымша келісімі талап етілмейді.

8.8. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.9. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада шарттан бас тарту себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты Шартты бұзған кезде Жалға берушінің Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана төлем талап етуге құқығы бар. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

8.10. Егер Шарт бұзылған жағдайда Мердігер жұмысты дереу тоқтатуы тиіс.

8.11. Шарт Тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға немесе Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тартуға) құқылы. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзудың немесе Шартты орындаудан бас тартудың (шарттан бас тартудың) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) туралы алдағы күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберілуі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тиіс. Хабарламада көрсетілген күн Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштаға немесе заңды мекенжайға жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ерте келетініне байланысты алынды деп есептеледі. Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайларда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алыс, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9.6. Условия пунктов 9.1-9.5 не распространяются случаи, предусмотренные в разделе 8 настоящего Договора.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Қазақстан Республикасының резиденттерімен және ҚҚС төлеушілерімен жасалатын Шарттар үшін. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Осы Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап жасалды деп саналады және күшіне енеді және де 20___ж. _____ аралығында қолданылады. Шарттың 7.2.9-тармақшасы бойынша Мердігердің жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады. Тараптардың өзара есеп айырысулары, сондай-ақ Шарттың 6-бөлімі, 7.2.4-тармағы бойынша Мердігердің міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады. ҚҚС төлеушісі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының резиденттерімен, бейрезиденттермен жасалған шарттар үшін: Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Осы Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап жасалды деп саналады және күшіне енеді және де 20___ж. _____ аралығында қолданылады. Шартқа кейінірек қол қоятын Тараптың қол қойған күні осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі. Тараптардың өзара есеп айырысулары, сондай-ақ Шарттың 6-бөлімі, 7.2.4-тармағы бойынша Мердігердің міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады. Келесі жылға арналған, бірақ ағымдағы жылы жасалатын мәмілелер үшін Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Осы Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап жасалды деп саналады және күшіне енеді және де 31.12.202__ ж. аралығында қолданылады, бұл ретте Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері 01.01.202__ж. (келесі жылдың күні қойылады) бастап туындайды. Шартқа кейінірек қол қоятын Тараптың қол қойған күні осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі. Тараптардың өзара есеп айырысулары, сондай-ақ Шарттың 6-бөлімі, 7.2.4-тармағы бойынша Мердігердің міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады. ҚҚС төлеушілермен жасалатын шарттар үшін 7.2.9-тармақша бойынша Мердігердің жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады. Шартқа қол қойғаннан бұрын жұмыстар орындалатын мәмілелер үшін Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап жасалды деп саналады және күшіне енеді және 31.12.202___ ж. аралығында қолданылады, бұл жағдайда Шарттың талаптары 202__ ж. бастап туындаған Тараптардың қатынастарына қолданылады (жұмыстарды орындау күні көрсетіледі). Шартқа кейінірек қол қоятын Тараптың қол қойған күні осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі. Тараптардың өзара есеп айырысулары, сондай-ақ Шарттың 6-бөлімі, 7.2.4-тармағы бойынша Мердігердің міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады. ҚҚС төлеушілермен жасалатын шарттар үшін Мердігердің 7.2.9-тармақшасы бойынша жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады. Мүдделілігі бар мәмілелер үшін Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тараптардың Жарғыларына сәйкес Тараптардың уәкілетті органдары Шартты жасау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап жасалды деп және күшіне енді деп саналады және _____20___ж. дейін қолданылады. Өзара есеп айырысулар мен кепілдемелер бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады. Кейінірек шешім

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қабылдайтын Тараптың шешім қабылдау күні Шешім қабылдау сәті болып табылады. ҚҚС төлеушілермен жасалатын шарттар үшін 7.2.9-тармақша бойынша Мердігердің жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады. Келесі жылға, бірақ ағымдық жылда жасалған және мүдделілігі бар мәмілелер үшін Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен банк кепілдігін берген жағдайда, Жұмыстарды орындау мерзімінің аяқталу күні - Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде күнтізбелік 2 (екі) ай бұрын. 10.1 Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тараптардың Жарғыларына сәйкес Тараптардың уәкілетті органдары Шартты жасау туралы шешім қабылдаған сәттен бастап жасалды деп және күшіне енді деп саналады және 31.12.202 ж. дейін әрекет етеді, бұл ретте Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері 01.01.202 ж. (келесі жылдың күні қойылады) бастап туындайды. Өзара есеп айырысулар мен кепілдемелер бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етеді. Кейінірек шешім қабылдайтын Тараптың шешім қабылдау күні Шешім қабылдау сәті болып табылады. ҚҚС төлеушілермен жасалатын шарттар үшін 7.2.9-тармақша бойынша Мердігердің жауапкершілігі бөлігінде Шарт салық заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды (төленген аванстық сомаларды қайтару міндетін қоспағанда).

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына стихиялық сипаттағы құбылыстар: Тараптардың кінәсінен болмаған су тасқыны, жер сілкінісі, өрт, дауыл, авариялар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: әскери іс-қимылдар, блокадалар, осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін биліктің заң шығарушы және атқарушы органдарының шешімдері жатады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталуы туралы Тараптар осындай мән-жайлар және олардың себептері туралы олар басталған сәттен бастап 3 (үш) үш жұмыс күні ішінде бір-біріне жазбаша хабарлауы тиіс. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы екінші Тарапқа олар басталған кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабарламау осындай мән-жайлардың әрекетіне түскен Тарапты осы Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының негізі ретінде оларға сүйену құқығынан айырады. Егер тараптан өзге жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, еңсерілмес күш мән-жайларына сүйенген екінші Тарап шарт бойынша өз міндеттемелерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және еңсерілмес күш мән-жайларына байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді. Бұл жағдайда шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл шарттың немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер етсе, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес ұзартылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сүйенген Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Мердігер жұмыстарды тоқтатады және Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтату күніне дейін орындалған жұмыстардың бүкіл көлемі үшін және Объектіні консервациялаумен байланысты жұмыстар үшін төлейді. Егер шартпен шарт сомасынан 100% кем аванс төлеу көзделсе Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Мердігер жұмыстарды тоқтатады және Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтатады, қажет болған жағдайда алдын ала төлемді (аванстыны) қайтарумен нақты орындалған Жұмыстар үшін өзара есеп айырысулар жүргізеді.

11.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылданған шешім туралы екінші Тарапқа хабарлай отырып, Шартты толық немесе ішінара бұзуға құқылы.

11.7. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Шартты бұзу күніне жұмсалған нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы. Егер шартпен шарт сомасынан 100% кем сомаға аванс төлеу көзделсе Аванс төленген жағдайда, алынған аванс пен жұмсалған шығындар арасындағы айырманы Мердігер Шарт бұзылған сәттен бастап 5 банк күні ішінде қайтаруға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерін салуы тиіс.

12.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жіберілген Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнінен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

12.3. Тараптар келісімге келе алмаған даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарында қаралады.

12.4. Шартты орындау және дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының Заңдары қолданылатын құқық болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тапсырыс беруші Мердігерден Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы бойынша мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

13.9. Осы Шарттың 13.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін басқа Тараптың атына беруге міндетті.

13.10. Мердігерде Шарттың осы бөлімінің қандай да бір ережелері бұзылды немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған Тапсырыс берушіні құпия хабардар ету көздері бойынша хабарлама жібере алады.

13.11. Тапсырыс беруші осы Шартты орындауға байланысты Мердігердің қызметіне, оның құжаттары мен жазбаларына өз қалауы бойынша тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Тапсырыс беруші мұндай тексеру туралы жазбаша хабарламаны болжамды тексеру күніне дейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті және оны дербес немесе үшінші тарапты тарта отырып жүргізе алады.

13.12. Мердігер Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілген хабарламаны алғанын растауы және осындай хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тексеру жүргізілген күнді растауы тиіс. Тексеру жүргізу кезінде Тапсырыс беруші немесе уәкілетті үшінші тарап осы Шартты жасау, орындау, бұзуға байланысты немесе оның шеңберінде Мердігердің жұмыскерлерінен сұхбат алуы мүмкін.

13.13. Егер тексеру нәтижесінде Мердігердің оларға берілген кепілдіктер мен куәліктерді бұзу жағдайлары анықталса, Мердігер көрсетілген анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар қабылдауға және осындай шаралар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда хабарлауға міндетті. Сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шараларды Мердігер өз есебінен қабылдауы тиіс.

13.14. Егер Мердігер тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді немесе сәйкессіздікті жою бойынша шаралар қабылдамаса, онда Тапсырыс беруші бұзған Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіпте бас тартуға құқылы.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан

Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. 14.1-тармақтың талаптары, егер көрсетілген құжаттама мен ақпарат Тараптардың бірінің коммерциялық құпиясына жатпаған жағдайда, осы Шарт бойынша қатынастарға қолданылмайды.

14.4. Тапсырыс беруші Мердігердің алдын ала келісімінсіз Тапсырыс берушінің Жалғыз акционеріне құпия және өзге де қорғалатын ақпаратты беруге құқылы.

14.5. Егер ақпарат Тараптардың біреуінің коммерциялық құпиясына жатқызылса, 14.5-14.9-тармақтармен толықтырылсын. Бұл ретте 14.5-14.9-тармақтардың талаптары Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін. Шартты орындауға байланысты ақпарат және/немесе құжат, немесе Тараптарға олардың қызметі туралы белгілі болған ақпарат және Тараптардың біреуінің коммерциялық құпиясына жатқызылған ақпарат құпия болып табылады. Тиісті ақпарат және деректер «Құпия» немесе «Коммерциялық құпия»деп белгіленуі тиіс.

14.6. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, алдын ала жазбаша келісімсіз Тараптардың бірінің құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен құпия ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

14.7. Тараптар құпия ақпаратты, олармен жасалатын мәмілелер мен операцияларды құзыретті мемлекеттік органдарға (оның ішінде сот органдарына) олардың жазбаша сұраулары бойынша, сондай-ақ көрсетілген органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асырған кезде беруге келіседі.

14.8. Құпия деп белгіленген ақпарат тек осындай ақпаратқа қол жеткізу қажеттілігі осы Шарттың мақсатымен айқындалған Тараптардың мамандарына ғана қолжетімді болуы тиіс.

14.9. Тараптар құпия ақпаратпен алмасу тек жабық байланыс арналары немесе курьерлік пошта арқылы жүзеге асырылатынына келіседі.

14.10. Осы бөлімнің 14.1-14.9-тармақтарында көрсетілген Тараптардың құпиялықты сақтау бойынша міндеттемелері Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған соң 5 (бес) жыл ішінде күшінде қалады.

15. Ерекше жағдайлар

15.1. Осы Шартты жасасу арқылы Тараптар осы Шарт бойынша қызметтерді көрсету жоспарланып отырған Нысандарға бірлесіп зерттеу жүргізгендерін растап отыр, және төмендегілерді белгіледі: - Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау жағдайларын тексеру кезінде қосымша қауіпті факторлар анықталды (осыған ұқсас жұмыстарды орындау кезінен басқа қауіптің болуы) тікелей өндіріс аймағында орналасқан бу құбырлары, қышқыл құбырлары, жұмыс істейтін технологиялық механизмдердің қозғалмалы бөліктері, қуат кабельдері және т. б. түрінде. Мердігер жоғары қауіптілік тудыратын әр көздің орналасқан орнымен таныста, олардың әрқайсының қауіптілік сипатын қажетті деңгейде зерделеді; - Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау жағдайларын тексеру кезінде қосымша қауіпті факторлар анықталды (осыған ұқсас жұмыстарды орындау кезінен басқа қауіптің болуы) Мердігер оған келтірілген деректердің шынайылығына көз жеткізді, олардың әрқайсының қауіптілік сипатын қажетті деңгейде зерделеді. немесе - Жұмыстарды орындау жағдайлары жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету үшін Мердігер әдетте осыған ұқсас жұмыстарды орындау кезінде қабылдауға міндетті шараларды қоспағанда, қосымша шараларды қабылдауға міндеттейтін қосымша қауіпті факторлармен жүктелмеген. - Жұмыстарды орындау жағдайлары зиянды факторлардың әсерінен қызметкерлерді қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету бойынша Мердігер әдетте осыған ұқсас Жұмыстарды орындау кезінде қабылдауға міндетті шараларды қоспағанда, қосымша шараларды қабылдауға міндеттейтін қосымша зиянды факторлармен жүктелмеген.

15.2. Өз қызметкерлерінің кәсіби дерттерге шалдығуы не денсаулығының басқа да зақымдануына зияндарды өтеумен байланысты барлық тәуекелдіктерді Мердігер өзіне қабылдайды.

16. Мердігерді комплаенс-тексеру

16.1. Шарттың 13-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Тапсырыс беруші өзіне Мердігерді комплаенс-тексеру құқығын қалдырады.

16.2. Мердігерді комплаенс-тексеру барысында Тапсырыс беруші Мердігерді ынтымақтастықтан бас тартуға негіз/теріс ақпарат/басқа мәліметтердің болуына, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық, ақшаның жылыстауы және лаңкестікті қаржыландырумен қоса қандай да бір заңсыз қызметке қатысы барын, Мердігердің, оның акционерлері/құрылтайшылары/қатысушылары, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияға жататын тұлғалар тізімінде болуына тексереді.

17. «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таратылуы шектеулі ақпарат.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

17.1. Егер Мердігер Тапсырыс берушіден «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таратылуы шектеулі ақпаратты қамтитын құжаттаманы алса, шартқа 17-бөлім енгізілсін: Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түріне, нысанына, мазмұнына қарамастан, «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті ұйымдастырушылық, техникалық және құқықтық шараларды қабылдайды.

17.2. Тараптар алдын ала жазбаша келісімсіз Тараптардың бірінің «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар шектеулі тарату ақпаратын үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді. Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таратылуы шектелген ақпаратты жария еткені үшін жауапты болады.

17.3. Тараптар «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таратылуы шектелген ақпаратты қамтитын құжаттаманы жіберуді тек фельдъегерлік (арнайы пошта) байланыспен не курьерлермен ғана жүзеге асыратынына келіседі.

17.4. Объектідегі жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіден жұмыс жүргізу үшін алынған «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таралуы шектеулі ақпаратты қамтитын құжаттаманы ілеспе хатпен қайтаруға тиісті.

17.5. Жұмыстарды жүргізу үшін Тапсырыс берушіден алынған «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар таратылуы шектелген ақпаратты қамтитын құжаттарды жоғалту не олардағы мәліметтерді жария ету фактілері туралы Мердігер дереу Тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс.

18. Басқа шарттар

18.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші: (a) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді. Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды; (b) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (c) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

18.2. Егер Мердігердің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Мердігер екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Мердігердің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

18.3. 15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (a) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе) (b) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (c) өнімді жеткізуді/қызметтерді көрсетуді бұзуға не тоқтатуға әкелуі немесе әкеп соғуы мүмкін; және (немесе) (d) Тараптардың қандай да

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (е) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растаған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары»), мұндай Тарап Жаңа Санкциялар қабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

18.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуді, тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды қоса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендету жөніндегі ықтимал заңды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесу(лер)/келіссөздер өткізеді.

18.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскен шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскен өзге мерзім ішінде ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындауына қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

18.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбеушілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілмегені туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

18.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не валютаны көрсету жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша Жаңа Санкциялар, шарттың 15.8-баптың ережелері себебінен өзгеше түрде орынсыз болған жағдайда келіседі, Тараптардың ақылға қонымды пікірі бойынша баламалы валютада төлем жасау Тараптарға Жаңа Санкциялардың салдарын болдырмауға мүмкіндік берген жағдайда басым тәртіппен қолдануға жатады және мұндай жағдайда шарттың 15.5 және 15.6-тармақтардың ережелері қолдануға жатпайды.

18.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не валютаны көрсету жүзеге асыру Өнім беруші үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісуі бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растайды және келіседі, Тапсырыс беруші Өнім берушіні бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілетін баламалы валютаны Тараптар келісетін валютаны көрсету («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келіседі, Тараптар келісілген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

18.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептелсе немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ теңгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша балама банкті көрсету жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетін болады.

18.10. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 1 (бір) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

18.11. Осы Шарт мемлекеттік тілде (Шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалған кезде – «қазақ тілінде» деп жазу қажет) және орыс тілдерінде жасалды және Тараптардың уәкілетті өкілдері тең заңды күші бар электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭСҚ) пайдалана отырып қол қойды. Шарттың мемлекеттік (Шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалған кезде – «қазақ тілінде» деп жазу қажет) және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар осы электрондық шарттың заңды күшін мойындайды және оны өз қолымен қол қойылған қағаз нұсқадағы Шартпен тең мәнді деп таниды. Электрондық Шарттың данасы Тараптардың әрқайсысы үшін электрондық шартқа қол жеткізу мүмкіндігімен «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде сақталады (https://zakup.sk.kz).

18.12. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті тұлғалары электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып қол қойған жағдайда немесе Тараптардың уәкілетті тұлғалары қағаз нұсқада қол қойған және Веб-порталға жүктелген жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

18.13. Осы Шартпен реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

18.14. Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған, мөрмен куәландырылған және екінші Тарапқа электрондық пошта (электронды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұсқа) және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды түпнұсқаларын алғанға дейін Тараптар толыққанды заңды құжаттар ретінде мойындайтыны туралы келісті. Электронды пошта және/не факсимильді байланыс арқылы берілген құжаттарды алғанын көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау факс/электронды нұсқасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні/күнтізбелік күн/ай ішінде міндетті болып табылады.

18.15. Мәтін бойынша «Орындалған жұмыстар актісі» деген сөздер «Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі» деп оқылсын.

18.16. Мердігер осы Шартқа қатысы бар ақпарат электронды түрде басты компания «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ компаниясының талаптарына сәйкес «QazCloud» ЖШС «Деректерді өңдеу орталығында» (ДӨО) орналастырылуына келісім береді.

19. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ	_____
Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., Абай даңғылы, 102	_____
	_____
БСН 941040000097	БСН _____
БСК HSBKKZKX	БСК _____
ЖСК KZ756010151000014503	ЖСК _____
АО “Народный Банк Казахстана”	_____
Тел.: +7 (723) 229-8123	Тел.: _____
_____ _____	_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
251-2 Р	Басқарудың/бақылаудың/мониторингтің/есепке алудың/диспетчерлеудің автоматтандырылған жүйелерін монтаждау/енгізу бойынша жұмыстар, Автоматтандырылған басқару/бақылау/мониторинг/диспетчерлеу және осыған ұқсас жабдықтарды автоматтандыру жүйелерін монтаждау/енгізу жұмыстары	Тепловоздар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу жөніндегі жұмыстар	1.000	1.000	-		2 559 672	ҚАЗАҚСТАН, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен Қ.Ә., Өскемен қ., г.Усть-Каменогорск, Проспект Абая, 102	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Баға ұсынысына сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке работ №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Ульбинский металлургический завод", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности, как указано выше, «Сторона», в соответствии Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок) и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

1. Предмет Договора

1.1. Подрядчик обязуется выполнить работы (далее - Работа), в соответствии с условиями настоящего Договора, а Заказчик обязуется принять и оплатить выполненные Работы на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Подрядчиком своих обязательств по Договору.

1.2. В данном Договоре нижеперечисленные понятия имеют следующее толкование: 1) «Заказчик» - Акционерное общество «Ульбинский металлургический завод»; 2) «Подрядчик» - (указать наименование Подрядчика); 3) «Договор» – означает настоящее соглашение, достигнутое между Заказчиком и Подрядчиком, зафиксированное в письменной форме и подписанное Сторонами со всеми Приложениями и дополнениями к нему, а также со всей необходимой документацией, на которую в настоящем Договоре есть ссылки. 4) «Срок продолжительности работ» - означает срок, в течение которого Подрядчик должен завершить оказание Работ по Договору; 5) «Дни» - календарные дни, «месяцы» - календарные месяцы; 6) «Недостатки», «дефекты, отступления от Договора» – часть работ, выполненных с нарушениями условий Договора; 7) «Прекращение Договора» – прекращение обязательств Сторон по Договору в связи с расторжением Договора по основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан и (или) Порядком, или окончанием срока действия Договора.

1.3. Работы выполняются по Документации Заказчика.

